



Қайрат ЖҰМАҒАЛИЕВ

### АЯГӨЗ АҚЫҒЫ

(Баллада)

*А. Матросов ерлігін қайталаған,  
көзі тірі, Алматыда тұратын  
Сабалақ Оразалин жайында*

Ыңғырық!

Жауынгерлер бүрсендескен.

Кеудеде үміт оты жүр сөнбестен.

Оқ сепкен пулеметі фашистердің

Сарнайды, тіпті, жағы бір сембестен.

Пулемет бір тынбастан от құсады,

Мұң болып қарға адым жер көп тұсады.

Атойлап көтерілген көzsіз ерлер

Үмтылған заматында-ақ оққа ұшады!

Құні жоқ дүлей дауыл тепсінбекен,  
Бүгін де теңізден жел ексімдеген...  
Жарлығын Климоўтың хабарлады:  
«Ефрейтор Оразалинов жетсін!»— деген.

Майданда қабақ шытып, түңілместен  
Сындардың бірін емес, мыңын кешкен  
Сабалақ окоптармен бұқпантайлаپ,  
Жетті тез командирге мұдірместен!

Климоў

Мұны мойнын бүрмай танып:

— Жау біздің бетімізді тұр қайтарып...—  
Деп үнсіз қалды,  
Аға лейтенанттың  
Жұзінен тепкен ыза,  
мұң байқалып.

Тұтігіп, қап-қара бол кеткен өңі.

Әр сөзі мығым.

Үні өктем еді:

— Амбраzuраны қалай да жою керек!  
Оққа ұшты жігіттердің беттегені...

Сенемін —

Арыңа дақ салмасыңа!

Ротаның ұятқа қалмасына!

Ефрейтор!

Жауынгерлік тапсырма — бұл!—

Деп түйіле қарады дөң басына.

Сабалақ командирді тыңдай қалды.  
Бұл бір сәт —  
Бас тігерлік сынға айналды!  
— Құп! — деп,  
Екі гранатаны сайлап алып,  
Бүйрықты орындауға ыңғайланды.

Сабалақ енді ұзақ бөгелмеді.  
Ішінен:  
«Не болса да көрем!» — деді.  
Сытылып командирдің құшагынан  
Шыққан соң,  
Тез еңбектей жөнелгені!

Алдында —  
Бекініс мен мұндалаған,  
Ұмтылды соған  
Намыс буган адам!  
Сабалақ ұзай бере  
Жаңғырығып  
Естілді жалған ұран «уралаған!»

Жол ашу үшін  
Өндір жас талапқа,  
Тайсалмай, көкірегін тосқан оққа —  
Шықпай-ақ атакаға  
«Уралаумен»  
Аудармақ жау назарын басқа жаққа.

Жау қапы қалғанын тез аңғарғаны,  
«Ураға» енді қайтып алданбады!

Сабалақ қайткенде де таяй түспек,  
Ілгері жанталаса қарманғаны!

Білмеді демін басып, тоқтағанды,  
Мұрат қып, борышты адал ақтағанды.  
Атуға гранатаны оңтайланды,  
Сол замат тыз етіп кеп оқ қадалды!

Ол мұны қасқағымда нали үққан  
Жау оғы тиғенін кеп сол иңктан.  
«Оң қолым сау!»— деді іштей.  
Жан еді өзі  
Қысталанда жігері жалын атқан.

Қайсарлық  
Ер жігітке жарасады!  
Тұйықтан  
Сын сағатта жол ашады!  
Сабалақ гранатаны лақтырганда  
Қақсан қоя бергені қара саны!

Мұлт кеткені, эттең-ай, қапы қалып,  
Нысананы мөлшерден жақын алыш.  
Тістеніп, ыза болды өз-өзінен:  
Пулемет оқ боратып жатыр анық!

«Граната жоқ!  
Сенімді ақтамадым.  
Мен енді қалай ғана тоқталамын?  
Тұрғандай Туған Жерім,

Аягөзім:

«Қалдырма бізді үятқа,— деп,— қарағым!»

— Ұмтыл, қарғам! — дегендей

Артын ойлап

Тұрғандай Сарыарқасы — алтын аймақ.

Тұған жер аспаны да

Қадалғандай

Бұлт басқан жанарында жалтыл ойнап!

— Шешуші сэтте

Болсаң бекем,— дейді.—

Қандай шешім қабылдар екен? — дейді.—

Ер жүрек бабалардың құт мекенін

Адал сүт емген ұлдар мекендейді! —

Лезде, тұған жерді еркін кешіп,

Алғандай емін-еркін ол тілдесіп...

«Тағдырым саған қарап қалды, балам!» —

Дегендей атамекен алтын бесік!

Парызын оның тағы үқтырганы,

Сол парыз

Нөсер оқтан бұқтырмады!

Есінде —

Кенет ширап, бойын жиып,

Әзер деп аяғына тік тұрғаны.

Серпуге ажал сепкен сұрапылды,

Сабалақ қаны қайнап,

Тұра атылды!

Дүние үнсіз қалды ішін тартып,  
Ізінен аққан қаны шұбатылды.

Көрмеген тар кешуде сағы сынып,  
Құрыштай шыныққан ол сан ысылып,  
Аранын ашқан ажал ұясына  
Ұмтылды жанталаса жанұшырып!

Дзотқа кеуде тоса құлағаны...  
Бойынан шапшып акты бұла қаны!  
Еліне қорған болсам деген арман  
Ұлының тағдырдан бар сұрағаны.

Көрмеді ол жаудың тұра қашқанын да,  
Рота жедел алға басқанын да:  
Шыркөбелек айналып көз алдында  
Дүние ғайып болды  
Қасқағымда!

Күн кешкен тыныштықтан безінумен  
Ер солдат  
Қалған ныспы сезінуден,  
Макұрым —  
Көру,  
Есту,  
Түйсінуден:  
Адамдай мәңгілікке көзін ілген...

Тез жетіп дәрігердің бәрі осында  
Таңған-ды жаралының жарасын да...

Сабалақ жатыр еді қанға бөгіп,  
Қаптаған көп өліктің арасында.

...Жеңіс кеп,  
Ел бақытқа кенелгенін,  
Отанның  
Зор даңққа бөленгенін  
Сабалақ сезген емес,  
Күн — керуендер  
Аягөз составындај жөнелгенін!

Білген жоқ  
Дәрігерлермен табысқанын,  
Олардың  
Өмір үшін алысқанын:  
Емделіп жатып —  
Ленинград,  
Таллин,  
Мәскеу,  
Новосібірмен «станысқанын».

Кейде бәсек,  
Дерт кейде,  
тіпті,  
асқынды.  
Тек жүргегі —  
Тірлікпен жұптастырды!  
Ажалға ара тұрган абзал жандар  
Бір жылда  
Аяғынан тік бастырды!

Самалы Сарыарқаның сіңіп өскен  
Жүрегі

Қалдырмады ұлы көштен!

«Жұз жасайтын жүрек!»— деп дәрігерлер  
Талай жыл шығармады мұны да естен.

